

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
30.11.2022 жылғы жалпы отырысының
стенограммасынан үзінді көшірме
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің Төрағасы Е. ҚОШАНОВ жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
от 30.11.2022 года
Вел заседание Председатель
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
Е. КОШАНОВ.**

ТӨРАҒА. Келесі екі мәселе бір-бірімен тығыз байланысты болғандықтан аталған заң жобалары бойынша ортақ баяндама жасап, олар бойынша қаулыларды жеке-жеке қабылдауды ұсынамын. Қарсылықтарыңыз жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда «Өсімдіктер дүниесі туралы» негізгі және оған ілеспе заң жобалары жөнінде (екінші оқылым).

Сөз Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитетінің мүшесі депутат Абақанов Елдос Нұрболұлына беріледі.

АБАҚАНОВ Е.Н. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті әріптестер! «Өсімдіктер дүниесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бірінші оқылымда 2021 жылғы 15 маусымда мақұлданды. Заң жобасының негізгі мақсаты – өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және оның барлық алуан түрін пайдалану саласындағы қатынастарды реттеуді қамтамасыз ету. Сонымен қоса өсімдіктердің жабайы өсетін түрлерінің табиғи әртүрлілігі мен гендік қорын сақтау, оларды ұтымды пайдалану үшін құқықтық негіздер жасау болып табылады.

Заң жобасында бірқатар негізгі ұғымдар мен терминдер нақтыланды немесе жаңа редакцияда жазылды. Өсімдіктер дүниесіне меншік құқығын көздейтін жаңа нормалар «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкестендірілді.

Жұмыс тобының мүшелері өсімдіктер дүниесін пайдаланудың ортақ пайдалану және арнайы пайдалану тәртібіндегі түрлерін көздейтін түзетулерін қолдады.

Жеке және заңды тұлғалардың, оның ішінде өсімдіктер дүниесін арнайы пайдалануды жүзеге асыратын тұлғалардың құқықтары мен міндеттері көзделген, мемлекеттік органдардың өкілеттіктері анықталды.

Айта кететін жайт, жабайы өсетін өсімдіктерді, оның жемістерін, саңырауқұлақтарды, жидектерді, дәрілік шикізатты және өзге де өсімдіктер ресурстарын жеке тұлғалар өтеусіз және рұқсат құжаттарсыз пайдалана алады.

Өсімдіктердің әртүрлілігін сақтау мақсатында ресурстық зерттеу негізінде айқындалатын өсімдіктер ресурстарын пайдалану лимиттерін белгілейтін түзетулер енгізілді. Өсімдіктер ресурстарының қорларына ресурстық зерттеу жүргізетін мамандандырылған ұйымдарды міндетті аккредитациялау ескерілді.

Табиғи экологиялық жүйелердің жоғалуына және тозуына алып келетін және елеулі экологиялық залал келтіретін өсімдіктердің бөтендікті түрлерін тыйым салу нормалары ескерілді.

Сонымен қатар өсімдіктерді интродукциялау және жерсіндіру жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін алдын ала хабарландыру тәртібі белгіленді.

Депутаттар жергілікті атқарушы органдардың жасыл желектерді күтіп-бағу, түгендеу жүргізуді қамтамасыз ету, жасыл екпелердің тізілімі мен есебін жүргізу және олардың жай-күйіне мониторинг жүргізу жөніндегі өкілеттіктерін кеңейтуге бағытталған нормаларды анықтады.

Заң жобасының бірқатар нормалары Қазақстан Республикасының өсімдіктер дүниесі саласындағы заңнамасы талаптарының сақталуына мемлекеттік бақылауды енгізуге, сондай-ақ бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеру түрлерін және оларды жүзеге асыру тәртібін нақтылауға бағытталған.

Сонымен қатар ілеспе заң жобасын «Өсімдіктер дүниесі туралы» Қазақстан Республикасы Заң жобасының ережелеріне сәйкес келтіру болып табылады.

Атап айтқанда, Орман кодексіне орман пайдаланушылардың орман дақылдарын жасау және орманды табиғи қалпына келтіруге жәрдемдесу шараларын жүргізу жөніндегі жұмыстарды, оның ішінде оған күтім жасау және сауықтыру жөніндегі шараларды үш жыл ішінде орындауын көздейтін түзетулер енгізілді.

Жабайы өсетін өсімдіктердің түрлерін заңсыз пайдалануға бақылау белгілеу үшін депутаттар Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне тиісті толықтыруларды қолдады.

«Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілеттіктерін ғылыми табиғи объектілерге «Ғылыми табиғи объект – ұлттық игілік» мәртебесін беру жөніндегі құзыретпен, уәкілетті органның өкілеттіктерін Қызыл кітапты жүргізу қағидаларын әзірлеуге қатысты түзетулер енгізілді.

Заң жобалары бойынша таныстырылым, дөңгелек үстел, жұмыс тобының отыз екі отырысы мен комитеттің екі кеңейтілген отырысы өтті, қорытынды салыстырма кестелерде барлық түзетулер қабылданды.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде аталған заң жобаларын екінші оқылымда қолдауды және оны Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының қарауына жолдауды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Әріптестер, бас комитеттен осы заң жобаларын екінші оқылымда мақұлдау жөнінде ұсыныс түсті. Осы заң жобаларын екінші оқылымда мақұлдау жөніндегі ұсыныстар мен қаулыларды жеке-жеке дауыс беру арқылы қабылдауды ұсынамын. Қарсылықтарыңыз жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда бірінші кезекте «Өсімдіктер дүниесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын екінші оқылымда мақұлдау жөніндегі ұсыныс дауысқа қойылады. Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 93, «жақтағандар» – 93. Шешім қабылданды.

Қаулының жобасы сіздерде бар, сол бойынша дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 92, «жақтағандар» – 92. Қаулы қабылданды.

Келесі кезекте «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өсімдіктер дүниесі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын екінші оқылымда мақұлдау жөніндегі ұсыныс дауысқа қойылады. Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 90, «жақтағандар» – 90. Шешім қабылданды.

Енді қаулының жобасына дауыс берейік.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 92, «жақтағандар» – 91, «дауыс бермегендер» – 1. Қаулы қабылданды.



*Құжаттамамен қамтамасыз ету
бөлімінің сектор меңгерушісі
Май Н. Майғынбаев.*